

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Сарат мектеп-бекжай-балабакша кешені»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## Бағдарлама «Ертегілер елінде»

Әзірлеуші: А.М.Алғазы  
Лауазымы: тәрбиеші  
Балалар жасы: 3 жас  
Іске асыру мерзімі: 2024-2025 оку жылы

## Сарат ауылы

## Түсінік хат

Бұл багдарламаның негізін күрайтын халық ауыз әдебиетінің түрі – ертегілер.

Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманынан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сиякты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда, ерте-ерте деп» басталуынан да оның атам заман туындысы екенін анғару киын емес. Ертегілерде халық басынан кешкен, ғасырлар жыры жатыр. Оларда енбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-гүрпү, елдік тарихы, қылыш-қылыштың асуласы, халықтың арман-мұраты бейнеленген. Барлық елдін ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнері болмаган кезінде ауызша шыгарған күрделі шыгармасының бір түрі.

Ертегілер көбінесе, кара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шыгарған көркем әнгімесін деп караймыз. Эртүрлі ертегілер балалардың қызыгуышылтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сактау, түсіну, рөлге бөліп, казақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз.

### Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шыгармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жакты дамыту.
- Балалардың сөздік корларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.
- Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

### Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дуниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу, накты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу.
- Баланың қиялын есте сактауын, шыгармашылық қабілетін дамыту, ойдан әнгіме, ертегі шыгарып айтуға дағыландыру.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шыгармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаган ортага, адамдарга, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін калыптастыру.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ойыншыктар театры – ең көп тараган түрі, бұнда балалар қысқа такпактарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондагы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды. Жіптің көмегімен бақарылатын қуыршактарды – марионеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар козгалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршактарды баскарады. Театр қуыршагының биіктігі баланың биіктігіндегі болады. Бала өзіне кастюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұксайды. Өздері қуыршакты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршактың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусактарына бекітіледі. Қуыршактың басына тесмалар қосады, ол қуыршак пен жүргізуінің мойынына ілінеді. Бұл қуыршактар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шыгармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

Саусақ театрында – саусактардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-такпак шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасты артады және шыгармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаган ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусактарының козгалыс қимылдана қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумактарын кайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен катар балалар екі қолын қимылдата отырып, он – солды ажыратады.

### Күтілетін нәтижелер:

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады.
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.


Пікір

Ерсек тобында балалардың киялын, ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту мақсатында жүргізу, сауат ашудың бір бөлігі. Ертегі арқылы балаларға өз ойнайтуға, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді. Ертегі жүргізу, айту барысында балалар казақ халқының және де басқа да халықтардың ертегілермен танысады. Ертегілердің бай мазмұны мен сан-алуан кейіпкерлермен танысады. Олардың мінездік ерекшеліктерімен танысады. Білім мен тәрбие бастауын балалар балабакшадан алады. Бұгінгі таңда когамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан - жакты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге камкор бола біletін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бұлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.

Н. К Крупская: «Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын - оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын - тәрбиенің маңызды түрі». Ойын - баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық кабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сактау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашкы кадамы. Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашкы да жекелеген элементтерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, киялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көріністеріне таң қалдырып, өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді.

Театрландырылған ойындарды балалар қызыктап ойнайды. Театрландырылған ойындар ойын-көйілымдары болып саналады, бұл жерде балаларга арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде катыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жакты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бұлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүргуге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуғе үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуғе жетелейді.



«Сарат мектеп-бөбекжай-бада» АО «Астана ММ басшысы:  Ж.Б.Кайдакова

Tom J 3

**Бағдарламаның мазмұны**

**Тақырыбы**

**Сағат саны**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
1	«Қайдан келдің бауырсақ?»	1
2	«Бір үзім нан»	1
3	«Бір уыс макта»	1
4	«Бір қазан сүт»	1
5	«Макта қыз бен мысық»	1
6	«Әке мен бала әңгімесі»	1
7	«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»	1
8	«Ұр тоқпак ертегісі»	1
9	«Қызыл телпек»	1
10	«Күншіл үйрек»	1
11	«Кірқоймас»	1
12	«Дос іздеген бота»	1
13	«Қантар мен ақпан»	1
14	«Қайтпай қалған қарлығаш»	1
15	«Ең қымбат байлық»	1
16	«Еңбекпен тапқан нан»	1
17	«Еңбек пен безгек»	1
18	«Мақтаншақ қоян»	1
19	«Байлық пен ақыл»	1
20	«Қасқыр, тұлкі, әтеш»	1
21	«Қырыққабат пен алма»	1
22	«Орман дәрігері»	1
23	«Ұсқынсыз балапан»	1
24	«Күшік пен мысық»	1
25	«Бақша ағаштары»	1
26	«Жақсылық пен жамандық»	1

27	Кім неден күшті?	1
28	Торгай мен тұлкі	1
29	Қайырымды қоян	1
30	Жыл басына таласқан хайуанаттар	1
31	Төрт дос	1
32	Санырауқұлак саясында	1
33	Қысқы баспана	1
34	Түймекызы	1
35	Онға дейін санай білетін лак	1
36	Сәруар	1

№	Такырыбы	Шарты	Колданылатын материалдар	Сагат саны
1	Қайдаң келдің бауырсак?	«Бауырсақ» ертегісін оку. Балаларға нанды кадірлей, қастерлей білуді айту.	Ертегі кітабы	1
2	Бір үзім наң	Ертегіні оқып беру.	Ертегі кітабы	1
3	Бір уыс макта әнгімесі	Әңгіме желісі бойынша кейіпкерлерін сомдау әжесі мен немересі	Макта, шапан, торғай	1
4	Бір казан сұт	Қобдишаның көмегімен ертегілер еліне саяхат жасау	Қобдиша, ертегі кітап	1
5	Макта қыз бен мысық ертегісі	Ертегі желісі бойынша макта қызы, мысық, ертегі кейіпкерлерін сомдау.	Ертегі кітап, кейіпкерлер киімдері, мейіз, тары, жұмыртка	1
6	Әке мен бала әнгімесі	Балаларға әңгіме желісін оқып беру.	Тага	1
7	Қарлығаштың құйрығы неге айыр?	Ертегіні түсіне білуге, достыққа тәрбиелеу.	Ертегі кітап	1
8	Үр тоқпак ертегісі	Балаларға ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің қимылын сомдау.	Киіз үй, андар	1
9	Қызыл телпек ертегісі	Сюжеттік-рөлдік қойылым жасау.	Қызыл телпек, бәліш, қасқыр	1
10	Күншіл үйрек	Ертегіні балаларға оку.	Слайд, үлестірмелі суреттер	1
11	Кір коймас өлеңі	Балаларды тазалыққа, еңбекке жақын болуга тәрбиелеу, үйрету.	Суреттер	1
12	Дос іздеген бота ертегісі	Ертегі арқылы балаларды достыққа тәрбиелеу.	Ертегі кітап	1
13	Қантар мен ақпан ертегісі	Ертегі арқылы балалардың қыс туралы түсінігін кеңейту.	Қыс суреттер	1
14	Қайтпай қалған қарлығаш	Балаларға ертегіні оқып таныстыру.	Қарлығаш суреті, қыстап қалған құстар суреті.	1
15	Ең қымбат байлық	Балаларға «Денсаулық – зор байлық» деген мақалдың магынасын түсіндіру.	Суреттер	1
16	Еңбекпен тапқан наң	Балаларға еңбектену деген ұғымды түсіндіру	Суреттер, ертегі кітап	1
17	Еңбек пен безгек	Балаларға еңбек ету жолдарын үйрете отырып, екі топқа бөліп карточка арқылы ойнату.	Карточкалар, суреттер	1
18	Мактаншак коян	Ертегі желісі бойынша кейіпкерлерді сомдау.	Ойыншықтар, коян, қасқыр	1

19	Байлык пен ақыл	Балаларга ертегі оқу арқылы есте сақтау қабілттерін дамыту.	Слайд,суреттер	1
20	Қаскыр, тұлқі, әтеш	Ертегіні тыңдай отырып, балалар сахналық койылым көрсету.	Қаскыр,тұлқі,балық	1
21	Қырыққабат пен алма	Ертегі желісі бойынша сюжеттік-рөлдік ойын	Көкөністер мен жемістер	1
22	Орман дәрігері	Балалардың құстар туралы білімдерін жетілдіру.Ормандағы ағаштар,құстармен таныстыру.	Құстар мен ағаштар суреттер	1
23	Үсқынсыз балапан	Ертегіні оқып,түсіндіру	Ертегі кітап	1
24	Күшік пен мысық	Балаларга ертегі кейіпкерлерін ролге бөліп беру.	Мысық,күшік,қаскыр отрибуттар	1
25	Бакша ағаштары	Әңгімені таныстыру балаларға	Ағаш,суреттер	1
26	Жақсылық пен жамандық	Балаларды жамандықтан жиренуге, жақсылықтан үйренуге тәрбиелеу.	Слайд	1
27	Кім неден күшті?	Ертегі арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Слайд арқылы әңгіме желісін көрсету.	Слайд	1
28	Торғай мен тұлқі	Ертегіні балаларға көленке театры арқылы сахналату.	Суреттер	1
29	Қайырымды коян ертегісі	Бала мен коян арасындағы достықты үлгі етіп, достықка адал болу қажеттілігін түсіндіру.	Ертегі кітaby	1
30	Жыл басына таласкан хайуанаттар ертегісі	Балаларды жануарларды сүюге тәрбиелеу. Ертегіні сахналау арқылы тіл байлықтарын дамыту. Көз бұлышық еттерін дамыту.	суреттер	1
31	Төрт дос ертегісі	Балаларды уақытты бағдарлай білуге үйрету. Достыққа тәрбиелеу.	Суреттер	1
32	Саңырауқұлак саясында ертегісі	Балаларды достыққа, бір-біріне комектесуге тәрбиелеу.	Саңырауқұлактар,ертегі кейіпкерлерінің суреттері	1
33	Қызық баспаңа ертегісі	Балаларға ертегіні ойыншықтармен кейіпкерлермен ойнату.	Маска жануарлар,суреттер	1
34	Түймекіз ертегісі	Балаларға ертегіні оғып беру.	Ертегі кітaby	1
35	Онға дейін санай білетін лак ертегісі	Балаларды достыққа тәрбиелеу. Сандарды пайдалану	Сандар	1
36	Сәруар ертегісі	Сұрак-жауап,әңгімелесу	Ертегі кітап	1

### Колданылған әдебиеттер:

Ы.Алтынсарин «Қарлығаш» хрестоматиясы

Балапан журналы №5, 2012ж.

М.Әуезов пен Ы.Ысмайлұв «қазак ертегілері» 1957ж

М.Әуезов энциклопедиясы «атамұра»баспасы» Алматы 2011ж